ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ

№97
(2478)
Сәрсенбі
18 қараша
2026 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚАЗАЛЫЛЫҚ ҚАРЖЫГЕРЛЕР КӘСІБИ МЕРЕКЕСІН АТАП ӨТТІ

Қазалы ауданында 15 қараша - Ұлттық валюта күні және қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай салтанатты шара өтіп, қазалылық қаржыгерлер құрметке бөленді.

Әйтеке би кенттік мәдениет үйінде өткен мерекелік шараға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов қатысып, қаржыгерлерді кәсіби мерекелерімен құттықтады.

-Ел экономикасының дамуын оның күретамыры саналатын қаржы жүйесінсіз елестету мүмкін емес. Қаржы саласы – мемлекеттік саясаттың жүзеге асуына, әлеуметтік міндеттемелердің орындалуына, өңірлердің өркендеуіне тікелей ықпал ететін аса маңызды сала. Қазалы ауданының экономикалық дамуындағы өзгерістерді де қаржы саласының қалыптасу тарихымен сабақтастыра қарауға болады. Мәселен, 1993 жылы аудан бюджетінің көлемі 171 млн. 886 мың теңгені құраса, 2026 жылы бұл көрсеткіш 18,9 млрд. теңгеге жетті.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Сыр өңіріне деген айрықша қолдауы, аймағымызды төрт жылдан астам уақыт басқарған Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Машбекұлының қолдауы және облыс әкімі Мұрат Нәлқожаұлының басшылығымен ауданымызда ауқымды жобалар жүзеге асырылып, маңызды бастамалар қолға алынуда. Атқарылған жұмыстар мен қол жеткізген нәтижелердің барлығында қаржыгерлердің кәсіби біліктілігі мен қажырлы еңбегі жатыр. Әрбір жобаның артында нақты қаржылық есеп, дұрыс жоспарлау, қаражаттың тиімді бөлінуі мен мақсатты игерілуі тұр. Жауапты мамандықты абыроймен меңгеріп, қазыналы Қазалының көркеюі жолында табанды еңбек етіп жүрген Сіздерге аудан халқының және өз атымнан шынайы ризашылығымды білдіремін, - деді аудан басшысы.

Бұдан кейін ауданның экономикалық әлеуетінің артуына өлшеусіз үлес қосып жүрген бірқатар сала мамандары облыс және аудан әкімінің, облыс әкімі орынбасарының Алғыс хаттарымен марапатталды.

Салтанатты шара аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласып, сала ардагерлеріне аудан әкімінің мерекелік сыйлықтары ұсынылды.

Айта кетейік, 1993 жылдың 15 қарашасында Қазақстанның ұлттық валютасы – теңге айналымға енгізілді. Бұл еліміздің экономикалық тәуелсіздігін айқындаған маңызды тарихи қадамдардың бірі болды. Содан бері төл теңгеміз ұлттық экономиканың дамуына, қаржы жүйесінің қалыптасуы мен нығаюына қызмет етіп келеді. Ал, 1997 жылдан бастап 15 қараша – Ұлттық валюта күні әрі қаржыгерлердің кәсіби мерекесі ретінде аталып өтіліп келеді.

«БОЛАШАҚ ҮШІН АҒАШ ОТЫРҒЫЗАЙЫҚ» АКЦИЯСЫ



Қазалы ауданында Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық жобасы аясында «Болашақ үшін ағаш отырғызайық» акциясы ұйымдастырылды.

Игі шараға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов, ауданның ардагерлері мен ел ағалары, мекемелер мен кәсіпорындарының қызметкерлері, жастар, аудан тұрғындары қатысып, туған жерді көгалдандыруға өз үлестерін қосты.

Акцияда аудан әкімі қоршаған ортаны қорғау, елді мекендердің тазалығын сақтау және көгалдандыру жұмыстарының маңыздылығына тоқталып, Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асқан «Таза Қазақстан» бастамасының қоғам үшін маңызы зор екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев еліміздің таза, көрікті әрі мәдениетті болуын үнемі назарда ұстап келеді. «Таза Қазақстан» бастамасы – тек тазалық шарасы ғана емес, ол әрбір азаматтың туған жеріне деген жанашырлығын, табиғат алдындағы жауапкершілігін арттыратын маңызды қозғалыс. Жыл басынан бері ауданымызда осы бастама аясында бірқатар ауқымды жұмыстар атқарылып, елді мекендерді абаттандыру, санитарлық тазалықты сақтау және көгалдандыру бағытында жүйелі шаралар жүзеге асырылуда. Бүгінгі ағаш отырғызу акциясы да осы игі жұмыстардың жалғасы. Әрбір отырғызылған көшет – келешек ұрпаққа қалдырар жасыл мұрамыз. Сондықтан туған жеріміздің көркеюіне баршамыз бірлесе үлес қосуымыз қажет», – деді аудан әкімі.

Акцияда 500 түп ағаш көшеті отырғызылды. Оның 300-і қарағаш, 200-і үйеңкі.

Жалпы, шараға 1150 адам қатысып, туған өлкенің жасыл желекке бөленуіне атсалысты.

Айта кетейік, «Болашақ үшін ағаш отырғызайық» акциясы облыс орталығымен қатар барлық аудандар мен елді мекендерде жалғасуда.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

ЖАЛАҢТӨС БАһАДҮРДІҢ 450 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ӨТКЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

Қазалы ауданында қазақ тарихында өшпес із қалдырған даңқты қолбасшы, мемлекет қайраткері Жалаңтөс баһадүр Сейітқұлұлының 450 жылдық мерейтойына орай «Тұран жолбарысы атанған әмір» атты республикалық ғылыми-танымдық конференция өтті.



Роза Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында өткен тағылымды шараға Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнайы өкілі Қайрат Нұртай, аудан әкімі Алмасбек Есмаханов, еліміздің әр өңірінен келген мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар мен тарихшылар, зиялы қауым өкілдері, Жалаңтөс баһадүрдің ұрпақтары мен арнайы шақырылған қонақтар қатысты.

Конференцияда облыс әкімінің орынбасары Қайрат Ырзақұлұлы сөз сөйлеп, облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың аудан жұртшылығына арналған арнайы құттықтауын оқып берді. Өз сөзінде мерейтойдың тарихи маңызына тоқталып, Жалаңтөс баһадүрдің ел тарихындағы орны мен ұрпаққа қалдырған өнегесін атап өтті.

Аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы конференцияға қатысушыларды мерейтоймен құттықтап, Жалаңтөс баһадүрдің қазақ халқының тарихындағы айрықша орнын, қолбасшылық қабілеті мен мемлекет басқару ісіндегі қайраткерлігін кеңінен дәріптеудің маңыздылығына тоқталды. Тарихи тұлғаның өмірі мен мұрасын терең зерттеу, оны жас ұрпаққа таныту – баршамызға ортақ міндет екенін жеткізді.

Тағылымды жиында Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Берекет Кәрібаев «Жалаңтөс батыр және XVI–XVII ғасырлардағы Қазақстан мен Орталық Азия тарихының мәселелері» тақырыбында баяндама жасады. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының кандидаты Берік Жүсіпов батырдың эпикалық мұрадағы бейнесіне тоқталды. Ал, тарих ғылымдарының кандидаты Нұрлыбек Мыңжас Жалаңтөс баһадүрдің архитектуралық мұралары жөнінде ой өрбітті.

Сонымен қатар, филология ғылымдарының кандидаты Айман Айтбаева тарихи тұлға туралы деректер мен көркем шығармалардағы бейнесінің сабақтастығын ғылыми тұрғыдан саралады.

Конференцияда Жалаңтөс баһадүрдің әскери қолбасшылық қызметі, саяси қайраткерлігі, Самарқан қаласының дамуына қосқан үлесі, сәулет өнеріндегі мұрасы және Орталық Азия тарихындағы орны жан-жақты талқыланды. Қатысушылар батырдың тарихи тұлғасын терең зерделеу, ғылыми деректерді жүйелеу және оның мұрасын кеңінен насихаттау бағытындағы пікірлерін ортаға салды.

Жиынның маңызды сәттерінің бірі – жазушы, тарих зерттеушісі Бегімбай Ұзақбаевтың «Жалаңтөс баһадүр» атты тарихи романының тұсаукесер рәсімі болды. Кітапта Орталық Азия тарихында өзіндік із қалдырған Жалаңтөс баһадүр Сейітқұлұлының өмірі мен ерлік жолы, ел басқарудағы қайраткерлігі көркем тілмен баяндалған.

Бұдан бөлек, конференцияда республикалық «Жалаңтөс баһадүр» қорының президенті Нәжмадин Мұсабаев сөз сөйлеп, баба мұрасын ұлықтау бағытында атқарылып жатқан жұмыстардың маңызына тоқталды. Өзге де ел ағалары мен қонақтар тағылымды ой-пікірлерін білдірді.

Конференция соңында аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы Жалаңтөс баһадүрдің 450 жылдық мерейтойына еліміздің әр өңірінен арнайы келген бірқатар азаматтарға батырдың 450 жылдық мерейтойына арналған мерекелік медальды табыстады. Бұл – тарихи тұлғаның есімін ұлықтауға, оның мұрасын дәріптеуге үлес қосқан азаматтарға көрсетілген құрметтің белгісі.

Айта кетейік, Жалаңтөс баһадүр Сейітқұлұлы (1576–1656) – қазақ тарихындағы көрнекті қолбасшы әрі мемлекет қайраткері. Ол Самарқан қаласының саяси өмірінде маңызды рөл атқарып, әйгілі Регистан сәулет кешеніндегі Шердор медресесінің салынуына бастамашы болған тарихи тұлға ретінде белгілі.

Бүгінде Қазалы ауданында баһадүр есімін ұлықтау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Жалаңтөс баһадүр атындағы ауыл, көшелер, кенттегі орталық стадион, батырдың кесенесі мен еңселі ескерткіші – соның айқын дәлелі.

Тағылымды конференция Жалаңтөс баһадүрдің тарихи мұрасын тереңірек танып, ұлт тарихындағы ұлы тұлғалардың есімін ұрпақ жадында жаңғыртуға бағытталған маңызды басқосу болды.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

АУЫЗ СУ – ЖАНҒА ДАУА, ДЕРТКЕ ШИПА

Таза су – адам денсаулығының кепілі, тіршіліктің қайнар көзі. Су – тіршіліктің негізі, табиғаттың адамзатқа берген ең қымбат байлығы. Жер бетіндегі барлық тіршілік иесі сусыз өмір сүре алмайды. Адамның күнделікті тұрмысында, денсаулығын сақтауда, қоршаған ортаның тазалығын қамтамасыз етуде судың алатын орны ерекше. Сондықтан халқымыз ежелден суды қадірлеп, «Судың да сұрауы бар»,- деп, оның әр тамшысына жауапкершілікпен қарауға үндеген. Ауыз су – адам өмірінің ажырамас бөлігі. Ағзаның қалыпты жұмыс істеуі, дене температурасының реттелуі, қоректік заттардың тасымалдануы және зат алмасу үдерістерінің дұрыс жүруі судың жеткілікті мөлшерде қабылдануына байланысты. Алайда, судың адам денсаулығына пайдасы оның мөлшеріне ғана емес, сапасы мен қауіпсіздігіне де тікелей қатысты. Сырт көзге мөлдір, таза көрінген судың құрамында адамға зиянын келтіруі мүмкін химиялық қосылыстар мен ауру қоздырғыш микроорганизмдер болуы ықтимал. Сапасыз ауыз суды пайдалану әртүрлі жұқпалы аурулардың таралуына және адам денсаулығына зиян тигізуі мүмкін. Осыған байланысты халықты қауіпсіз ауыз сумен қамтамасыз ету – санитариялық-эпидемиологиялық саланың маңызды міндеттерінің бірі. Ауыз су сапасын бақылау – халық денсаулығын қорғаудың маңызды бағыты. Ауыз судың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін оның сапасына тұрақты бақылау жүргізілуі қажет. Су сапасын бағалауда физикалық, химиялық және микробиологиялық көрсеткіштерге назар аударылады. Судың түсі, иісі, лайлылығы, қышқылдығы, минералдық құрамы және химиялық заттардың мөлшері зерттеледі. Қажетті жағдайларда микробиологиялық көрсеткіштері де анықталады. Зертханалық бақылау судың сапасын бағалауға, санитариялық талаптарға сәйкестігін анықтауға және ықтимал қауіптерді дер кезінде байқауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері белгіленген нормативтермен салыстырылып, тиісті қортынды жасауға негіз болады. Санитариялық зертхана – қауіпсіз ауыз судың сенімді бақылаушысы

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» Қызылорда облысы бойынша филиалының Қазалы аудандық бөлімшесінде санитариялық зерттеулер жүргізу арқылы қоршаған орта нысандарының сапасы мен қауіпсіздігі бағаланады. Коммуналдық гигиена бағыты бойынша ауыз су, топырақ, атмосфералық ауа және дезинфекциялық құралдар сияқты нысандар зерттеледі. Әр зерттеудің өзіндік маңызы бар. Соның ішінде ауыз су сапасын бақылау халық денсаулығын қорғауға бағытталған күнделікті маңызды жұмыстардың бірі болып саналады. Зертхана мамандары су сынамаларын белгіленген тәртіппен қабылдап, тиісті әдістемелерге сәйкес зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Қажетті химиялық көрсеткіштер анықталып, алынған нәтижелер мұқият бағаланады. Бұл жұмыс жоғары жауапкершілікті, кәсіби білімді, ұқыптылықты және дәлдікті талап етеді.

Салтанат ҮСЕНАЛЫ,
Ұлттық сараптама орталығы
Қызылорда облысы
бойынша филиалының
Қазалы аудандық бөлімшесінің
санитарлық-гигиеналық зерттеулер
зертханасының
санитарлық- эпидемиологиялық
қызмет дәрігері

ЖАЛАҢТӨС БАһАДҮРДІҢ 450 ЖЫЛДЫҒЫ: «ТҰРАННЫҢ ТҰЛҒАСЫ – ЖАЛАҢТӨС» АТТЫ ОБЛЫСТЫҚ ЖЫРАУЛАР ФЕСТИВАЛІ



Жалаңтөс баһадүр Сейітқұлұлының 450 жылдық мерейтойына арналған мерекелік іс-шаралар легі «Тұранның тұлғасы – Жалаңтөс» атты облыстық жыраулар фестивалімен жалғасын тапты.

Ұлттық өнеріміздің асыл мұрасын ұлықтауды мақсат еткен тағылымды шараға Қызылорда облысының әр өңірінен келген белгілі жыршы-жыраулар қатысып, Сыр бойының жыраулық дәстүрін дәріптеп, көрерменге рухани әсер сыйлады.

Әйтеке би кенттік Мәдениет үйінде өткен фестивальдің ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Жәнібек Әлиев сөз сөйлеп, жыраулық өнердің ұлт руханиятындағы айрықша орнына тоқталып, Жалаңтөс баһадүрдей тарихи тұлғалардың өнегелі жолын насихаттаудың маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ, шараға қатысушыларға аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың Жалаңтөс баһадүрдің 450 жылдық мерейтойымен арнайы құттықтауын жеткізді.

Фестивальде «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, Арал, Қазалы, Жаңақорған аудандары мен Қызылорда қаласының Құрметті азаматы, республикалық «Жалаңтөс баһадүр» қорының президенті Нәжмадин Мұсабаев сөз сөйлеп, баба мұрасын ұлықтауға арналған игі бастамаларға тоқталып, өнерпаздарға сәттілік тіледі.

Фестивальде республикаға танымал жыршы-жыраулар: Руслан Ахметов, Шолпан Биімбетова, Әділхан Қуаңбаев, Айна Тұяқова, Нұртілек Ақтаев, Еркебұлан Шынжанов, Марат Сүгірбай, Абылайхан Бектасов, Тұрар Айдос, Жанболат Өмірзақ, Әлішер Мырзағалиев, Руслан Өтегенов өнер көрсетіп, дәстүрлі жыр өнерінің бай қазынасын көпшілікке паш етті.

Шара соңында аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың атынан фестивальге қатысқан барлық жыршы-жырауға арнайы дипломдар табысталып, қаржылай сыйлықтар берілді.

Ұлттық өнердің өрісін кеңейтіп, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан жыраулық дәстүрдің қадір-қасиетін арттыруға бағытталған фестиваль тағылымы мол рухани шараға айналды.

Хабарландыру

«Тұран-Қазалы» ЖШС-і осы жылғы 20 желтоқсанда Қазалы ауданы, «Ақжона» ауылдық округі әкімінің өкілеттік мерзімі аяқталуына байланысты өтетін сайлауына орай үгіт-насихат материалдарын аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады.

«Тұран-Қазалы» газеті 2003 жылдың 5 қаңтарынан бастап шығып келеді.

Шығарылымы аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері.

Таралымы -11707 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны -140 теңге.

Үгіт –насихат материалдары 2026 жылдың 29 қараша күні сағат 18-00-ден кейін басталып, 2026 жылдың 18 желтоқсан аралығында жарияланады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, 14 үй

Байланыс телефондары: 8(72438) 21-7-49

E.mail: tooturankazaly@bk.ru

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДАҒЫ СЕНБІЛІК

Қазалы ауданында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында кезекті сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды.

Аудан орталығы – Әйтеке би кентінде өткен сенбілікте Әйтеке би, Жанқожа батыр, Желтоқсан көшелерінде тазалық жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, көше бойындағы қоқыстар жиналып, бей-берекет өскен шөптер шабылды. Сонымен қатар, қоғамдық орындар мен көше аумақтары ретке келтірілді.

Жалпы сенбілік жұмыстарына 143 мекемеден 2456 адам, 6 арнайы техника жұмылдырылды. Нәтижесінде полигондарға 15,5 тонна қоқыс шығарылды.



Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов орталық көшелердегі сенбілік жұмыстары жүргізіліп жатқан аумақтарды аралап, тазалық жұмыстарының барысымен танысты. Кент әкімі мен жауапты сала басшыларына бірқатар нақты тапсырмалар жүктеп, санитарлық тазалық пен абаттандыру жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыруды тапсырды.

Айта кетейік, аудан орталығында ұйымдастырылған сенбілік жұмыстары Қазалы мәдени-демалыс кешені аумағында «Болашақ үшін ағаш отырғызайық» акциясына жалғасты.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСЕЙІК

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңында, сондай-ақ, заңдарда көзделген және белгіленген тәртіптік әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыратын сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттер сыбайлас құқық бұзушылық болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Сол себепті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік қызметкерден адалдықты, шындықты, заңдылықты сақтауды, сонымен қатар, жауапкершілікті талап етеді. Ал ең бастысы адамды адамкершілікке тәрбиелейді.

Сыбайлас жемқорлық Конституция мен мемлекеттің негізгі заңдарына, құқықтық жүйесіне, статусына кері әсерін тигізуде. Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын іс-әрекеттерге басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметіне заңсыз араласу, аталған адамдардың не олардың жақын туыстары мен жекжаттарының материалдық мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде өздерінің қызметтік өкілеттігін пайдалану, заңда көзделмеген артықшылықтар беру, шешімдер әзірлеу мен қабылдау кезінде заңды және жеке тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету, тағы басқалар жатады.

Алтынбек ҚАЛИЕВ,
Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар
бөлімінің бастығы,
азаматтық қорғау
полковнигі

САЙЛАУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Қазалы ауданының аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 11 қарашадағы «Қазалы ауданының Ақжона ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау туралы» №АСК-104/785 санды қаулысы негізінде Қазалы ауданының Ақжона ауылдық округі бойынша сайлау учаскелерінің орналасқан мекен-жайы мен шекаралары туралы төмендегідей мәліметтер беріледі.

Мемлекеттік тіркеу № 225763
2026 жылғы 2 маусым

2026 жылғы 21 мамыр №3

САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы
28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 23-бабына және «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Қазалы ауданы бойынша сайлау учаскелері құрылсын.
2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес тізбе бойынша Қазалы ауданы әкімінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау «Қазалы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Р.Тілепке жүктелсін.
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазалы ауданының әкімі А. Есмаханов

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазалы ауданының аумақтық сайлау комиссиясымен
21.05.2026 жыл

Қазалы ауданы әкімінің
2026 жылғы 21 мамырдағы
№ 3 шешіміне 1-қосымша

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІ

№	Сайлау учаскесінің нөмірі және мекен-жайы	Шекаралары
	№69 сайлау учаскесі «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№98 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қазалы ауданы, «Ақжона» ауылдық округі, «Майдакөл» ауылы, Орталық көшесі №46	«Ақжона» ауылдық округінің «Майдакөл» ауылы және «Жаңаталап», «Жалпақ» учаскелері.

ВНИМАНИЮ ИЗБИРАТЕЛЕЙ!

На основании постановления территориальной избирательной комиссии Казалинского района от 11 ноября 2026 года №АСК-104/785 «О назначении выборов акимов сельского округа Акжона Казалинского района» представляются нижеследующие сведения о местонахождении и границах избирательных участков по сельскому округу Акжона Казалинского района.

Гос. регистр № 225763
2 июня 2026 года

№3 от 21 мая 2026 года

ОБ ОБРАЗОВАНИИ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ

В соответствии со статьей 23 Конституционного Закона Республики Казахстан от 28 сентября 1995 года «О выборах в Республике Казахстан»
и статьей 27 Закона Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года
«О правовых актах» РЕШИЛ:

1. Образовать избирательные участки по Казалинскому району согласно приложению 1 к настоящему решению.
2. Признать утратившими силу некоторые решения акима Казалинского района по перечню согласно приложению 2 к настоящему решению.
3. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на руководителя коммунального государственного учреждения «Аппарат акима Казалинского района» Р.Тлеп.
4. Настоящее решение вводится в действие со дня первого официального опубликования.

Аким Казалинского района А. Есмаханов

«СОГЛАСОВАНО»
Территориальной избирательной
комиссией Казалинского района
21.05.2026 год

Приложение 1 к решению
акима Казалинского района от 21 мая 2026 года №3

ИЗБИРАТЕЛЬНЫЕ УЧАСТКИ ПО КАЗАЛИНСКОМУ РАЙОНУ

№	Номер и адрес избирательного участка	Границы
	Избирательный участок №69 Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа № 98» отдела образования по Казалинскому району» управления образования Кызылординской области», Казалинский район, сельский округ Акжона, село Майдаколь, улица Орталык №46	село Майдаколь и участки Жанаталап, Жалпак сельского округа Акжона.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі, Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті, Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінде 8 (724 38) 22-1-51 сенім телефоны жұмыс істейді. Сонымен қатар, жоғарғы тұрған орган – Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаментінің 8 (7242) 24-40-76 сенім телефонын назарларыңызға ұсынамыз.

«Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2026 жылдың IV – тоқсанында жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі		
Қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы, аты - жөні	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның мекен – жайы, қызметтік телефоны
Бөлім бастығы, азаматтық қорғау полковнигі Калиев Алтынбек Сауытбекович	Әр аптаның жұма күні сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін сағат 15.00-ден 18.00-ге дейін	Қазалы ауданы,Әйтеке би кенті, Төремұрат жырау көшесі, №16 8(724 38) 22-1-51

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, **бас редактор** - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru Таралымы 11707 дана.